

## Контрафактілі өнімді өндіруге және таратуға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 26 қазандағы № 625 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Контрафактілі өнімді өндіруге және таратуға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақулдансын.
2. Контрафактілі өнімді өндіруге және таратуға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Б.Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2016 жылғы 26 қазандығы

№ 625 қаулысымен

мақұлданған

Жоба

## Контрафактілі өнімді өндіруге және таратуға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық туралы **КЕЛІСІМ**

**Ескерту. Келісімнің жобасы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 №284 қаулысымен.**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығын кеңейту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздігіне қатерді, сондай-ақ тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына қауіпті төмендету үшін жағдайды қамтамасыз етуді қалай отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіру және зияткерлік меншік саласындағы жосықсыз бәсекеге, контрафактілі өнімді өндіруге және таратуға қарсы іс-қимыл жөнінде тиімді шаралар қабылдау қажеттігін түсіне отырып,

зияткерлік меншік құқықтарын, оның ішінде Интернетте авторлық құқық пен сабактас құқықтарды қорғаудың тиімділігін арттыру маңыздылығын ескере отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін және заңнамасын басшылыққа ала отырып,

1999 жылғы 4 маусымдағы Жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі шаралар туралы келісімнің, сондай-ақ 2010 жылғы 19 қарашадағы Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімнің ережелерін негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптар контрафактілі өнімді (зияткерлік меншік құқықтарын бұза отырып жасалған және таратылған) өндірге және таратуға (иемденуге, сақтауға, алып өтуге) қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады, оның ішінде цифрлық ортада контрафактілі тауарлар айналымының жолын тиімді түрде кесу жөнінде заңнамалық тәртіппен шаралар көздейді, Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдарының өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға және өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес тең құқықтылық қағидаттары негізінде өзара іс-қимыл жасауын кеңейтуге ықпал етеді.

## **2-бап**

Тараптар зияткерлік меншік құқықтарын күзету және қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге, контрафактілі өнімді өндірге және таратуға, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың, оның ішінде Интернетте бұзылуына қарсы іс-қимыл тетіктерін жасауға бағытталған шараларды әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады.

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары арасында контрафактілі өнімді өндірге және таратуға қарсы іс-қимыл саласында ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

## **3-бап**

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар ұлттық заңнаманы ескере отырып: осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің азаматтық, әкімшілік, кеден, монополияға қарсы, қылмыстық және процестік заңнамасының нормаларын қоса алғанда, контрафактілі өнімді өндірге және таратуға қарсы іс-қимыл жөнінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны үйлестіруге ықпал етеді;

көрсетілген нормалардың құқық қолдану практикасының тетіктерін күшейтуді, оның ішінде контрафактілі өнімді өндіргені және таратқаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту тиімділігін арттыруды қамтамасыз еді;

егер контрафактілі, жалған дәрілік заттардың өндірісі және айналысы үшін қылмыстық жауапкершілік көзделетін норма осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасында көзделмеген болса, ондай норманы ұлттық заңнамаға енгізу жөнінде шаралар қолданады;

контрафактілі өнімнің айналымына байланысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, анықтау, қарсы іс-қимыл жасау және жолын кесу жөнінде әртүрлі, оның ішінде жедел-профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады;

осы санаттағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, жолын кесу және ашу әдістемелерін әзірлейді;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ішкі істер органдары, кеден, салық, монополияға қарсы, сот органдары, сондай-ақ контрафактілі өнімді өндіруге және таратуға қарсы іс-қимыл, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мәселелер құзыретіне жататын өзге де билік органдары қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыруға жәрдемдеседі;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің уәкілетті (құзыретті) органдарының құқық иеленушілермен ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал етеді;

контрафактілі өнімнің айналымымен байланысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, анықтау, қарсы іс-қимыл жасау және жолын кесу жөнінде тәжірибе алмасады;

контрафактілі өнім шығаратын жерлерді анықтауға және оны тарату арналарына қатысты ақпарат алмасады;

оку, әдістемелік және арнайы әдебиетпен алмасады;

осы тақырып бойынша семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар, сондай-ақ ғылыми, оның ішінде бірлескен зерттеулер жүргізеді.

## **4-бап**

Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі ынтымақтастықты өздерінің уәкілетті (құзыретті) органдары арқылы осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.

## **5-бап**

Тараптар өздерінің уәкілетті (құзыретті) органдарының тізбесін айқындауды және осы Келісім күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы хабарламаны тапсыру кезінде бұл туралы депозитарийге хабарлайды. Әрбір Тарап

уәкілетті (құзыретті) органдар тізбесінің өзгерістері туралы бір ай ішінде жазбаша түрде депозитарийге дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды.

## **6-бап**

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары осы Келісімді іске асыру мақсатында контрафактілі өнімнің айналымымен байланысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, анықтау, қарсы іс-қимыл жасау және жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы ведомствоаралық келісімдер жасай алады.

## **7-бап**

Тараптардың осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі өзара іс-қимылын үйлестіру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастығы органына – Зияткерлік меншікті құқықтық күзету және қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңеске жүктеледі.

## **8-бап**

Осы Келісімді іске асыру жөнінде Тараптар жүргізетін іс-шараларды қаржыландыру осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің бюджеттерінде тиісті министрліктер мен ведомстволарға өздерінің функцияларын орындау үшін жыл сайын көзделетін қаражат шенберінде жүзеге асырылады.

## **9-бап**

Осы Келісім мемлекеті қатысушы болып табылатын әрбір Тараптың ол үшін басқа да халықаралық шарттардан туындаитын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **10-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар тиісті хаттамамен ресімделеді.

## **11-бап**

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындаитын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы немесе Тараптар келіскен басқа да рәсім арқылы шешіледі.

## **12-бап**

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы депозитарий үшінші хабарламаны алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішлік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## 13-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекеттің депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы қосылуы үшін ашық.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуышы мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуышы болып табылмайтын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий оған қол қойған немесе оған қосылған мемлекеттердің осындай қосылуға келісімі туралы соңғы хабарламасын алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## 14-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен шығу ниеті туралы шыққанға дейін 6 айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып және осы Келісімнің қолданылу уақытында туындаған міндеттемелерді реттей отырып, одан шығуға құқылы.

\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан  
Үкіметі үшін

Республикасының Ресей  
Үкіметі үшін

Федерациясының

Армения  
Үкіметі үшін

Республикасының Тәжікстан  
Үкіметі үшін

Республикасының

Беларусь  
Үкіметі үшін

Республикасының Түркменстан Үкіметі үшін